

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**  
**Силлабус**  
**("KRKK 4307") Қаржы құқығы**  
**5B030400 - Кеден ісі**  
**2017 оқу жылы (көктемгі семестр)**

Оқу пәнінің коды	Оқу пәнінің атауы	Типі	Аптасына сағат саны			Кредит саны	ECTS
			Дәріс	Практ	Лаб		
("KRKK 4307")	Қаржы құқығы	МК	2	1	0	3	5
<b>Пререквизит тер:</b>	1) Мемлекет және құқық теориясы; 2) ҚР конституциялық құқығы; 3) ҚР азаматтық құқығы; 4) ҚР еңбек құқығы; 4) ҚР қылмыстық құқығы; 5) ҚР әкімшілік құқығы.						
<b>Дәріскер</b>	Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы - з.ғ.д., "Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының" профессоры м.а	<b>Офис-сағаттар</b>		Кесте бойынша			
<b>e-mail</b>	Kuanalieva.guldanakz@mail.ru						
<b>Телефондар</b>	377 33 36 (12-57)			<b>Аудитория</b>		333, 320	
<b>Оқу пәнінің сипаттамасы</b>	<p>«Қаржы құқығы» курсы тыңдаушыларға қаржы құқығы ғылымының негізгі ұғымдары мен санаттарын, заңдылықтарын білуге, Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі қаржы құқығының орны мен маңызын, ерекшеліктерін ұғынуға, қаржылық-құқықтық қатынастар мен нормалардың аясын дұрыс анықтауға, қаржылық құқықтың негізгі институттарын біліп, оларды ажыратуға мүмкіндік береді.</p> <p>«Қаржы құқығы» пәнін игеру <b>өтижесінде</b> тыңдаушылар, қаржылық құқықтың жалпы теориялық мәселелерін жан-жақты зерделеп, оның ішінде қаржылық заңнаманың қолдану аясын жетік біліп шығады.</p> <p>«Қаржы құқығы» пәнінің <b>жалпы сипаттамасы:</b> мемлекеттің қаржылық қызметінің негіздері, қаржылық құқықтың ұғымы, оның әдістері мен жүйесі, қаржылық құқықтық нормалар мен қатынастардың мазмұны, мемлекеттің ақша жүйесі, қаржылық жоспарлауды, бақылауды құқықтық реттеу, қаржылық-құқықтық жауаптылық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, қаржы құқығының ерекше бөлімін қамтитын бюджет құқығы, салық құқығы және т.б. сияқты институттар қарастырылады.</p>						
<b>Курстың мақсаты</b>	<p>«Қаржы құқығы» курсының мақсаты студенттердің қаржылық құқықтың жалпы теориялық мәселелерін толық оқыту. Мемлекеттің қаржылық қызметі мен қаржы жүйесі, қаржы құқығының ұғымы мен жалпы сипаттамасы, қаржы саласындағы басқару, бақылау, жоспарлау, жауаптылық мәселелері, сондай-ақ бюджет, салық, банк, сақтандыру, қаржы-шаруашылық құқықтарының аясын жан-жақты білу болып табылады.</p> <p>Сонымен қатар, тиісті қаржылық заңдармен және арнайы заңи әдебиеттермен ғылыми ізденіс-зерттеу ұрғысынан дұрыс әрі нәтижелі жұмыс істей білуге үйрету; нарықтық қатынастар аясында, мемлекеттің микро және макроэкономикалық даму туындайтын салықтық, қаржылық - шаруашылық, бюджеттен тыс мақсатты қорларды қалыптастыру сияқты айрықша қатынастарды қаржылық-құқықтық нормалардың көмегімен, оларды сауатты пайдалану арқылы мемлекет және қоғам мүдделеріне сай ұтымды реттей білу; атқарып жүрген қызметтері саласындағы тиісті қаржылық заңдарды дұрыс қолдана білу, қаржылық - құқықтық сипаттағы дау-таластар туындаған жағдайда оларды жедел әрі сауатты шешуге, сондай-ақ өзі қызмет істеп жүрген орынның және өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті болуды мақсат қояды.</p>						

<p><b>Пәнді оқыту нәтижесі</b></p>	<p>Курсты оқып аяқтағаннан кейін студент:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қаржылық құқық саласында болып жатқан өзгерістердің ерекшеліктерін зерделеумен қатар, олардың өзара байланыстарын және қазіргі нарықтық экономикалық жағдайлар кезіндегі жүзеге асыру тәртіптері сияқты мәселелерді игеру;</li> <li>2) қаржылық құқықтың түсінігі, әдістері, қағидалары мен жүйесі туралы мәселелерді толық білу; Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі қаржылық құқықтың орны. Қаржылық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы, негізгі ұғымдар мен түсініктерді, оларды қолдану аясын білу;</li> <li>3) қаржылық құқық аясындағы нормативтік-құқықтық актілермен әдебиеттермен жұмыс істей білу;</li> <li>4) қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің қаржылық басқару, жоспарлау, бақылау, жауаптылық және т.б. институттарын жетік түсіну және білу;</li> <li>5) қаржылық құқықтың ерекше бөліміне жататын бюджет құқығы, салық құқығы, банк құқығы, сақтандыру құқығы және т.б. бүгінгі таңдағы өз алдына жеке құқық салалары болып табылатын бөлімдерді білу, сондай-ақ, қазіргі ғылыми зерттеулерді талдап, өзіндік пікірлер мен ұжырымдарды жасай алу;</li> <li>б) қаржылық құқықтың өзекті мәселелері бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білетін және оны негіздей алатын болады, қаржылық-құқықтық актілерді талқылап, қолдана білетін болады; қаржылық- құқықтық қатынас аясында туындайтын дауларды шеше алуды үйренеді.</li> </ol>
<p><b>Әдебиеттер және ресурстар</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы</li> <li>2.«Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Кодексі</li> <li>3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі</li> <li>4. Финансовое право Республики Казахстан: учебник /Н.Р.Весельская, М.Т.Какимжанов.-Алматы: 2015. - 312 стр.</li> <li>5. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть.- Алматы, ТОО "Баспа", - 2001, 272 с.</li> <li>6. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник. - Алматы: ТОО "Издательство "НОРМА-К", - 2002, 344 с.</li> </ol> <p>Оқу пәні бойынша қосымша деректер "univer.kaznu.kz." сайтында УМКД бөлімінде беріледі.</p>
<p><b>Курсты ұйымдастыру</b></p>	<p>«Қаржы құқығы» оқу курсы мемлекеттің қаржылық қызметі, қаржы жүйесінің қалыптасып, дамуының теориялық негіздерін қарастырады. Оны меңгеру теоретикалық деректердің кең көлемін оқып, саралау арқылы мүмкін болады, ол сабаққа дайындалу барысында баса назар оқулыққа, оқу құралдарына беріледі.</p> <p>Сонымен қоса тиісті оқу тәртібі қарастыратын келесі мәселелер тобы салық құқығы, банк құқығы, бюджет құқығы, сақтандыру құқығы және осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметі мен уәкілеттіктеріне қатысты болып табылады. Тиісті қатынастар тобы негізінен нормативтік актілермен реттелетіндіктен студенттердің бірқатар құқықтық актілерді саралап, талдауды да қажет етіледі. Семинар сабақтары мен СӨЖ тапсыруда алдын-ала тақырып бойынша құралған ситуациялық жағдайларды шешу ішінара жүргізіледі. 6 СӨЖ тапсыру реферат нысанында жазылып, теориялық</p>

	материалды тәжірибемен ұштастырып және шетел тәжірибесін ескеруге мүмкіндік береді.		
<b>Курстың талаптары</b>	<p>1. Тиісті курстың барысында студенттер барлық дәріске қатысып, алдын-ала берілген семинар сабақтарында жауап беруі керек. Дәлелді себептермен семинар сабақтарына қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін қосымша уақытта қатыспаған сабақтарын қайталап ауызша тапсыруы керек. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді.</p> <p>2. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер үшін тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.</p> <p>3. Студенттер сабаққа кешікпей келуі керек, дөрекі -өрескел мінез көрсетпеуі тиіс, сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек. Сабақта толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз.</p> <p>4. Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазылып орындалып, ауызша қорғалуы керек. Баға лау кезінде студенттерді сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.</p> <p>Семестр барысында студенттердің 6 СӨЖ тапсыруы қарастырылған. СӨЖ-дерді тапсыру тапсырмада берілген нормативтік актілерді талдау негізінде соның ішінде "Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Кодексі, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексіне талдау жасай отырып өзі түйген жеке өз қарасын білдіруін талап етеді.</p> <p>5. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, бақылау жұмыстарын және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырласуға, өзге біреу шешкен ситуациялық есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады.</p>		
<b>Бағалау саясаты</b>	<b>Жеке өзіндік жұмысты сипаттау</b>	<b>%</b>	<b>Оқыту нәтижелері</b>
	Үй тапсырмалары	35%	1,2,3,4,5,6
	СӨЖ	20%	2,3,4,5
	Бақылау жұмысы	5%	3,4,6
	Емтихан + Midterm	40%	1,2,3,4,5,6
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	100%	
	Сіздің қорытынды бағаңыз келесідей формула бойынша есептеледі		
	Пән бойынша қорытынды баға $\frac{PK1 + PK2}{2} \cdot 0,6 + 0,1MT + 0,3AB = 100\%$		
	Төменде бағалар пайыз түрінде берілген:		
	95% - 100%: A	90% - 94%: A-	75% - 79%: B-
	85% - 89%: B+	80% - 84%: B	60% - 64%: C-
	70% - 74%: C+	65% - 69%: C	0% -49%: F
	55% - 59%: D+	50% - 54%: D-	
<b>Оқу пәнінің саясаты</b>	Тапсырмаларды орындауға тапсыру мерзімі университеттің Академиялық саясатына сәйкес дәлелді себептер болған жағдайда (ауырып қалу, төтенше жағдайда, авариялар, күтпеген жағдайлар, т.с.с.) созылуы мүмкін. Студенттердің пікір алмасулары, пікірсайыстарға қатысуы пән бойынша оның жалпы бағасын шығару кезінде ескеріледі. Тыңғылықты сұрақтар қою, тапқырлықпен диалогқа қатысу жақсы қасиет деп танылады,		

	тиісінше сабақ барысында оқытушы тарапынан қолдау табады. Оқытушы қорытынды бағаны шығару кезінде әрбір студенттің сабаққа қатысу белсендігін ескереді.		
<b>Оқу пәнінің графигі</b>			
<b>Апта</b>	<b>Тақырыптың аты</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Жоғары балл</b>
<b>1 Модуль. Қаржылық құқық түсінігінің теориялық мәселелері</b>			
1	1 әріс. Қаржы жүйесі және мемлекеттің қаржылық қызметі	2	
	1 семинар сабағы. Мемлекеттің қаржылық қызметінің жалпы сипаттамасы	1	6
2	2 дәріс. Қаржылық құқық - құқық саласы ретінде, пәні, әдісі, жүйесі	2	
	2 семинар сабағы. Қаржылық құқықтың құқық саласы ретіндегі өзектілігі	1	6
3	3 дәріс. Қаржылық -құқықтық нормалар және қаржылық -құқықтық қатынастар туралы түсінік	2	
	3 семинар сабағы. Қаржылық құқықтық нормалар. Қаржылық құқықтық қатынастар	1	6
	1 СӨЖ. Қаржылық құқықтың құқық саласы ретіндегі өзектілігі <b>Бакылау нысаны - реферат</b>		15
<b>2 Модуль. Мемлекеттің қаржылық саясатының теориялық мәселелері</b>			
4	4 дәріс. Мемлекеттің қаржылық құрылымының құқықтық негіздері	2	
	4 семинар сабағы. Мемлекеттің қаржылық құрылымы және қаржылық реттеудің құқықтық негіздері	1	6
5	5 дәріс. Қаржылық құқықтағы ақша жүйесінің құқықтық негіздері	2	
	5 семинар сабағы. Қазақстан Республикасының ақша жүйесі және оның элементтері	1	6
	2 СӨЖ. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары бойынша экономикалы - қаржылық саясаттың өзекті мәселелерін талқылау.  1. «Қазақстан - 2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б. 2. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір		15

	<p>мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.</p> <p>3."Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.</p> <p>4. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша</p> <p><b>Бақылау нысаны - реферат</b></p>		
6	6 дәріс. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару мәселесі	2	
	6 семинар сабақ Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару	1	6
	3 СӨЖ. Мемлекеттің ақша айналымын ретке келтіру тәсілдері және мемлекетте жүргізілген ақша реформалары.		15
	<b>Тапсыру нысаны - реферат</b>		
7	7 дәріс. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері	2	
	7 семинар сабағы. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері	1	6
	<b>Бақылау жұмысы</b>		13
	<b>Қорытынды</b>		<b>100</b>
8	<b>Midterm</b>		<b>100</b>
8	8 дәріс. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеу	2	
	8 семинар сабағы. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеу	1	6
9	9 дәріс. Қаржылық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу	2	
	9 семинар сабағы. Қаржылық-құқықтық жауапкершілік және оның түрлері	1	6
<b>3 Модуль Қаржылық құқықтың әртүрлі институттарының өзекті мәселелері</b>			
10	10 дәріс. Бюджеттік құқық - қаржылық құқықтың басты институты ретінде	2	
	10 семинар сабағы. Бюджеттік құқықтың жалпы сипаттамасы	1	6

	4 ӨЖ. ҚР Бюджет құқығы – қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің институты ретінде. Бақылау нысаны - реферат		15
11	11 дәріс. Салық құқығы - қаржылық құқықтың институты ретінде	2	
	11 семинар сабағы. Салықтық құқықтың жалпы сипаттамасы мен ұғымы	1	6
12	12 дәріс. Қаржылық-банктік құқық - қаржылық құқықтық бөлімі ретінде	2	
	12 семинар сабағы. Қаржылық-банктік құқықтың жалпы сипаттамасы мен түсінігі	1	6
	5 ӨЖ. Салық құқығы - қаржылық құқықтың басты институты ретінде Тапсыру нысаны - реферат		15
13	13 дәріс. Қаржылық-сақтандыру құқығы - қаржылық құқықтың институты ретінде	2	
	13 семинар сабағы. Қаржылық-сақтандыру құқығының жалпы сипаттамасы	1	6
14	14 дәріс. Қаржылық-шаруашылық құқығы - қаржылық құқықтың бөлімі ретінде	2	
	14 семинар сабағы. Қаржылық-шаруашылық құқығы қаржылық құқықтың бөлімі ретінде	1	6
	6 СӨЖ. Қаржылық-банктік құқық қаржылық құқықтық бөлімі ретінде		15
15	15 дәріс. Мемлекеттік несиелеудің құқықтық негіздері мен шарттары	2	
	15 семинар сабағы. Мемлекеттік несиелеу және мемлекеттік қарыз алу	1	6
15	<b>Бақылау жұмысы</b>		<b>7</b>
<b>Қорытынды</b>			<b>100</b>
<b>Емтихан</b>			<b>100</b>
<b>Барлығы</b>			<b>400</b>

Факультет деканы

Байдельдинов Д.Л.

Әдістемелік Бюроның төрағасы

Урисбаева А.А.

Кафедра меңгерушісі

Жатқанбаева А.Е.

Дәріс оқушы

Қуналиева Г.А.

